# Ата-аналарға арналған нұсқаулық
# Жеке кабинет арқылы өтініш беру

# balabaqsha.snation.kz-тің басты беті




Басты беттегі ақпараттар:

- бос орындар бюллетеньдері;
- МДҰ-дағы кезектер;
- мектепке дейінгі ұйымдардың каталогы;
- статистика;
- пайдаланушылар пікірлері.

Сайттың жоғарғы оң жақ бұрышында геолокация мен тілді өзгерту мүмкіндігі бар. Порталда тіркелу үшін **«Тіркеу»** батырмасын басу қажет.

Егер Сіз тіркелген болсаңыз, **«Кіру»** батырмасын пайдаланыңыз.

# Тіркелген пайдаланушылар

Егер Сіз Порталда тіркелген болсаңыз келесі әрекеттерді жасау керек:

- терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы **«Кіру»** батырмасын басу;
- логин мен құпия сөзді енгізу;
- **«Жүйеге кіру»** батырмасын басу.

Егер сіз құпия сөзді ұмытып қалсаңыз:

- **«Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?»** батырмасын басыңыз;
- телефон нөмірін енгізіңіз;
- **«Жіберу»** батырмасын басыңыз;
- нөміріңізге келген кодты енгізіңіз;
- жаңа құпия сөзді ойлап табыңыз;
- құпия сөзді қайталаңыз;
- **«Жіберу»** батырмасын басыңыз.



# Тіркелу

Тіркелу үшін басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **«Тіркелу»** батырмасын басыңыз.

Тіркелу парағында:

- телефон нөміріңізді енгізіңіз;
- деректер саясатымен танысқаннан кейін, «**Мен пайдаланушылардың деректер саясатымен таныстым және қабылдаймын»** белгісін шертіңіз;
- **«Код жіберу»** батырмасын басыңыз;
- нөміріңізге келген кодты өріске енгізіңіз;
- **«Жіберу»** батырмасын басыңыз.



# Тіркелу

Әрі қарай:

- бірінші өріске құпия сөзді ойластырып, енгізіңіз;
- екінші өрісте құпия сөзді қайта енгізіңіз;
- **«Сақтау»** батырмасын басыңыз;

- өтініш берушінің ЖСН енгізіңіз (ата-ана немесе заңды өкіл);
- ЖСН енгізілгеннен кейін жүйе өтініш берушінің тіркеу мәліметтерін шығарады;
- енді **«Жіберу»** батырмасын басыңыз.

Жүйе сіздің деректеріңізді сақтайды. Жеке кабинетке кіру үшін оң жақ жоғарғы бұрыштағы **«Кіру»** батырмасын пайдаланыңыз.



# Баланы қосу

Баланы қосу үшін:

- **«Балалар»** мәзіріне өтіңіз;
- **«Баланы қосу»** батырмасын басыңыз;
- пайда болған өрісте баланың ЖСН-ін енгізіңіз;
- **«ЖСН тексеру»** батырмасын басыңыз;
- **«Жынысы»** және **«Ұлты»** өрісін толтырыңыз;
- деректерді тексеріңіз;
- егер бәрі дұрыс болса, **«Сақтау»** батырмасын басыңыз.







* Жұлдызшамен белгіленген өрістер толтыруға міндетті.

# Өтініш жіберу

Өтініш жіберу үшін төмендегі әрекеттерді орындау керек:

- өтініш беруші мен баланың барлық деректері толтырылғанына көз жеткізу;
- **«Өтініштер»** мәзіріне өту;
- **«Өтініш қосу»** батырмасын басу.

Әрі қарай:

- қажетті баланы таңдау (егер сіз баланы әлі қоспасаңыз - **«Баланы қосу»** батырмасын басу);
- топ түрін таңдау;
- қалаған оқу тілін таңдау;
- облыс, аудан, елді мекенді толтыру;
- әлеуметтік мәртебе автоматты түрде толтырылады;
- сіз кезектен тыс санатқа кірсеңіз, **«Кезектен тыс»** белгісіне басыңыз, қажетті санатты таңдап, растайтын құжаттарды тіркеңіз;
- мәліметтерді пайдалануға келісімді тексеріңіз және растаңыз;
- **«Келесі»** батырмасын басыңыз.







* Жұлдызшамен белгіленген өрістер толтыруға міндетті.

# Бюллетеньге өтініш жіберу

Өтініш бергеннен кейін **«Өтініштер»** бетінде сізге баланың өтініші көрінеді.

Сондай-ақ, өтініш бергеннен кейін **«Мүдделі»** батырмасын басуды ұсынамыз. Осы арқылы сіз мектепке дейінгі ұйымнан орын алуға мүдделігіңізді растайсыз.

Балабақшаға жолдама алу үшін сіз **«Көру»** батырмасын басу арқылы бюллетеньге өтініш жіберуіңіз керек.



# Өтінішті жою

Жою үшін **«Себет»** белгішесіне басып, жоюды растаңыз.
Сіз қол қойылған өтініштерді жоя алмайсыз (бала контингентке тіркелген).



Smart Nation BALABAQSHA

Smart Nation

# Назарларыңызға рақмет!

**Байланыс орталығы:**
**8 (727) 339-72-22**
**8 (747) 339-72-22 (WhatsApp)**

inCRAFT